| | *ғарышкерлерді табу керексіңдер. (ғарышкердің, полицейдің, матростың портреттері ұсынылады) Неліктен бұл портретті таңдағанын түсіндіру.*<br>***Миға шабуыл***<br>*Сендердің ойларыңша ғарышкер қандай болуы керек? Ғарышкердің денсаулығы жақсы болуы керек. Ол күшті, төзімді болуы керек, өйткені ғарышқа ұшу кезінде адам үлкен жүктемелерді бастан кешіреді. Ғарышкерлер өте ақылды адамдар, олар әртүрлі аспаптармен жұмыс істей алады және біледі. Жарайсыңдар. Біз тапсырманы орындадық.* ***Енді*** | ***«Зымыран»***<br>***Шарты:*** *Педагог балаларды геометриялық модульдер (немесе фигуралар) жинағы жатқан жерге әкеліп, олардан ғарыштық зымыранды құрастыруды ұсынады.*<br><br>*Мұқият қарап, айтыңдаршы, зымыранды қандай геометриялық пішіндерден құрастырдыңдар? Тәрбиеші: - Керемет зымыран шықты, ұшуға дайындалайық, кері санауды бастаймыз 5,4,3,2,1, ұшыру.*<br>***Менің сүйікті бұрышым***<br>***Ой дамыту.*** | *және жомарты – Жер. Бұл көк планета сендердің ортақ үйлерің. Мұнда адамдар, жануарлар, балықтар, құстар - бәрі бір шаңырақтың астында тұрасыңдар. Бұл планета бәрінен де бақытты, сондықтан оны қорғап, ренжітпеу керек.*<br>***Балалар сендерге Лунтиктің әңгімесі ұнады ма?***<br>*- Ғарышта қаншама қызықты нәрселерді көруге болады: галактикалар, жұлдыздар, кометалар. Және қандай әдемі планеталар. Олар қандай түсті болады? -Жарайсыңдар, менің қайтатын кезім келді, мен тапсырма қалдырам соны орындап, маған түсіріп жіберіңдер.*<br>***Дид ойын: «Қандай түс»*** | *жоқ, өте ыстық, ал ғарышкерлерге скафандр көмектеседі, арнайы ауасы бар, ыстықтан қорғайтын киім. Скафандр– адамды Ғарышкердің басында күннен қорғайтын дулыға бар. Дулығада кіріктірілген рация, антенна, бейнекамера және микрофон бар. Қолда қорғаныс қолғаптары мен сағаттар, аяқтарда арнайы қорғаныс етіктері.*<br>***№2-тапсырма***<br>***Дид ойын: «Ғарыш кемесі»***<br>***Шарты:***<br>*Пішіндерден зымыран бөліктерін біріктіріп жапсыру. - Балалар, сендер қандай әдемі зымыран жасадыңдар,* | <br>***АҚТ технол***<br>***Қазақ ғарышкерлері. Слайдпен жұмыс.***<br>*Ғарышқа қазақ ғарышкерлері де ұшқан. Т. Әубәкіров және Т. Мұсабаев Еліміздің мақтаныштары. ержүрек, батыр, халық қаһармандары.*<br>***<u>Тоқтар біздің ғарышкер</u>***<br>*Шыққан алғаш қазақтан, Тоқтар біздің Ғарышкер. Бір апта аса Ғарышта, Болған нағыз намысты ер.*<br>***<u>Ғарышкерді білеміз</u>***<br>*Ғарышқа ұшқан қазақтан, Ғарышкерді білеміз. Тоқтар, Талғат, Айдын деп, Айтып, мақтап* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***келесі жұлдызшаны іздеу керек.***<br>*Балалар, сендер керемет екенсіңдер – екінші жұлдызшаны таптыңдар. Мен тапсырманы оқимын.*<br>***«Сергіту жаттығуын орындаңдар, келесі тапсырма үшін күш алыңдар»***<br>*Сергіту сәті: Музыкамен.*<br>*Кім келесі жұлдызшаны байқаса, оны алсын.*<br>***Үшінші тапсырма:***<br>*Сендер болашақ ғарышкер болам десеңдер, Ғарыш кемесін жасаңдар.*<br>*Біз ғарышқа немен ұша аламыз? Дұрыс зымыранмен. біз енді зымыран жасаймыз.*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***Дид ойын: «Ғарыш кемесі»***<br>***1- топ: Шарты.***<br>*Берілген фонға* | *-Ғарышта жұмыс істейтін адамдардың мамандығы қалай аталады?*<br>*- Алғашқы ғарышкер кім болды?*<br>*Юрий Алексеевич Гагарин тұңғыш рет ғарышқа жол ашты. Бұл 12 сәуірі болатын. Содан бері жыл сайын 12 сәуір ғарышкерлер күні ретінде тойланады.*<br>*Балалар ең бірінші ғарышқа адамнан бұрын қаһарманға айналған екі кішкентай ит ұшты.*<br>*Оның аты Белка және Стрелка болды.*<br><br>*Міне осы иттердің көмегімен ғалымдар адамның ғарышқа ұшып, онда белгілі бір уақыт ішінде қала алатынын білді.* | ***Шарты:*** *Зымыранның боялмаған бөлігін бояу.*<br><br>*Жарайсыңдар. Лунтикке түсіріп жіберейік.*<br>***Қортынды***<br>***Тақпақ. Мен ғарышкер боламын.***<br>*Аспан, аспан арайлым,*<br>*Саған жиі қараймын*<br>*Сені көзбен шоламын*<br>*Мен ғарышкер боламын.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлім. Амандасу.***<br>*«Балалар, біз бүгін мынандай ойын ойнаймыз: сендер кішкентай торғайлар боласыңдар, ал мен сендердің аналарың* | *айтыңдаршы, оның жобасын жасағанда қандай геометриялық пішіндерді пайдаландыңдар?*<br>***№3 тапсырма***<br>***«Сөйлем құра» - сөйлеудің грамматикалық құрылымы бойынша жұмыс***<br>*Ай дегеніміз не ?*<br>*Ай – жердің серігі*<br>*Жер дегеніміз не?*<br>*Жер – планета.*<br>*Жер – біздің үйіміз, ал күн жүйесі – біздің туған қаламыз. Бұл шуақты қалада басқа планеталар бар.*<br>*Күн үлкен ыстық жұлдыз, ол планеталарды жылытып, жарықтандырады.*<br>***Ұжымдық жұмыс.***<br>*Үлкен форматта салынған дөңгелекке күннің шуағын бояу.* | *жүреміз*<br>***Қортынды***<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Музыка***<br>***Тақырыбы:*** *Ғарыш әлеміне саяхат*<br>*«Кел, билейік» ойнақы, көңілді әуеннің ырғағымен балалрды музыка залына қабылдау.*<br>*12сәуірҒарышкерлер күні екенің айтып, ғарыш бейнеленген суретті көрсетеді.*<br>*Жетекші балаларды ғарышқа саяхатқа шақырады*<br>*Сапар үшін келесі*<br>*Дайын ғарыш кемесі.*<br>*Бұған ертең мініп ап*<br>*Айға барамыз зымырап.*<br>*(А.Сопыбеков)*<br>*-Ғарышқа тек мықты, шымыр балалар ұша алады.*<br>*Ал кәнекей, қазірден жаттығуға әзірленейік! – деп, жаттығулар жасауды* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *зымыран бөліктерін жапсыру.*<br><br>***2-топ: Зымыранды бояу.***<br><br>***3-Топ Дьенеш блоктарымен зымыран құрастыру.***<br><br>*Қараңдаршы, біздің жұмысымыз қаншалықты қызықты болды! Ал біздің зымырандардың қаншасы жұлдыздарға ұшты?*<br>***Балалар 5-ші жұлдызды табады.*** | ***Сергіту сәті. Ғарыш музыкасымен.***<br>***Ой қозғау.***<br>*- Балалар, қалай ойлайсыңдар нағыз ғарышкер қандай болуы керек? Ғарышкерлердің өмірі спортпен тығыз байланысты. Ғарыш кемесінің бортында болса да, олар міндетті түрде жаттығулар жасайды.*<br>***Ғарышқа қазақ ғарышкерлері де ұшқан.***<br>*Т. Әубәкіров және Т. Мұсабаев Еліміздің мақтанышытары. ержүрек, батыр, халық қаһармандары.*<br>***Тақпақ. «Тоқтар – тұңғыш ғарышкер»***<br>*Тоқтар – тұңғыш ғарышкер*<br>*Арман қуып жасынан.*<br>*Көктен көзін алмаған,*<br>*Ұшқыш болды жас ұлан.* | *боламын (нұсқаушы торғайдың бейнесі бар бетперде-шапканы киеді).*<br>*Шеңбер бойымен тұру. «Ана-торғай» қимылды көрсетіп, өзі сырттай бақылайды. Анасы қарап тұрғанда балалары шеңбер бойымен жүруді орындайды.*<br>*«Анасы ұйықтап кеткенде, балалар қанаттарын жайып, жан-жаққа ұшып кетті». Торғайлар зал ішінде ұшып жүр.*<br>*«Ана-торғай» оянды,*<br>*Чик-чирик, чик-чирик.*<br>*Бұл не шу? Бұл нешу?*<br>*Шеңберге жылдам тұрыңдар, Ұшуға ниетқылыңдар.*<br>*Нұсқаушы тағы да ұйықтап қалғандай болады. Сосын қайта оянады.*<br>*Бір ғана сәтке көз ілікті, Тентек боп торғайлар кетті.*<br>*Бірақ енді қатаң* | *Лунтик: жарайсыңдар, тапсырманы ептілікпен орындадыңдар.*<br>***Ең алғаш ғарышқа ұшқан не?***<br>*Иттер: Белка мен Стрелка*<br>*Адамдардан кім ұшты?*<br>*Ю.гагарин.*<br>*Ғарышкерлер ұшу кезінде не істейтінін білесіңдер ма? Бақылаулар жүргізеді, Жер бетін, Айды және басқа планеталарды зерттейді. Олар жақындап келе жатқан дауылдар, табиғи апаттар туралы хабарлайды, ауа райы болжамын жаңартады*<br>***№4 тапсырма «Ауада қалықтау» релаксациялық жаттығулар***<br>*- Мен Жерге оралуды ұсынамын.* | *ұсынады*<br>*( музыка жетекшінің таңдаумен)*<br>*Көңілді биді жеңіл, жұптаса билеп, би қимылдарын еркін жасайды.*<br>*Үнтаспадан «**Ғарыш кемесінде»** әуені ойналып, балаларға көздерің жұмып, «ұшу» қимылын ырғақты сезіне көрсетуді ұсынады.*<br>*-Міне, белгісіз планетаға тап болдық.*<br>***«Фантастикалық би»*** *балаларға робыт қимылдарың өз беттерінше көрсетуді сұрайды.*<br>*-Балалар, сендер қай планетаға сапар шеккілерің келеді? (Ай, Юпитер,т.б)*<br>*-Айға ұшатың бала туралы ән айтып берейін*<br>*Әуенді тыңдап, ерекше үндерді естіп сезінеді.*<br>***Музыка тыңдау: «Айды әперші,*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тапсырма: Дид ойын: «Кім тапқыр» Жұмбақ шешу.**<br>Аспанда бір алып құс<br>Ызғып ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң, ғажайып,<br>Соңында із қалады.**(Зымыран)**<br>Ұшқыш емес, бірақ ол<br>Аспанда қалықтап ұшады<br>Оны кім деп ойлайсыңдар?<br>**(Ғарышкер)**<br>**Қорытынды:**<br>Тәрбиеші: Балалар, басқа жұлдыздар бар ма?<br>Соңғы жұлдызша онда былай делінген:<br>**«Жарайсыңдар балалар, сендер барлық тапсырмаларды орындадыңдар!**<br>Сендерге ұнады ма?<br>Келесі кездескенше! құрметпен жұлдыздар!<br>**Тақпақ**<br>Аспан, аспан, | **Қортынды .Сұрақ-жауап**<br>Ғарышкер дегенді қалай түсінеміз?<br>- Біздер қандай ғаламда тұрамыз?<br>- Ғарышқа сынақ ретінде бірінші болып қай жануар ұшты?<br>- Ғарышқа ұшқан орыс азаматы кім?<br>- Қазақ елінен кімдер ғарышқа ұшты?<br>Балаларды мадақтау.<br><br>Қазақ тілі<br>**Тақырыбы:** «Ғарышқа сапар»<br>**Психологиялық тренинг**<br>Бақыт – біздің сиқырлы шеңберіміз<br>Бақыт – біздің достарға сенгеніміз<br>Бақыт – таңнан біреумен достасуың<br>Бақыт – кеште достармен қоштасуың<br>**Ой қозғау. АҚТ жұмыс.**<br>Ғарыш және | қараймын, Тәртіпке сендерді саламын. Ал енді, балапандар, Жаттығуды бастаңдар!<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Жалпы даму жаттығулары**<br>**I.«Қанатымызды тазалаймыз».**<br>Б.қ.: серіппе жасаймыз, басымызды оңға иеміз, б.қ., сосын солға 4 рет қайталаймыз.<br>**2.«Қанатымызды жаямыз».**<br>Б.қ.: аяқтарымыз иықтың қашықтығына сәйкес келуі керек, қолдар төменде. Оң қолды жоғары көтереміз, жоғары қараймыз, б.қ., сол қолмен солай жасаймыз, 4 рет қайталаймыз.<br>**3.«Жуынамыз».** Б.қ.: аяқтарымыз иықтың қашықтығына сәйкес келуі керек, қол белде, алға қарай иілеміз – | Міне, біз балабқшадамыз. Саяхат барысында біз көптеген қызықты нәрселерді көрдік. Бүгінгі әңгімемізді, жаңадан үйренгенімізді еске түсіріп, **Дид ойын: «Суретті жина»** ойынын ойнауды ұсынамын. Барлығы конверт алып, суретін жинап, не істегенін айтады. Балаларға бөлінген суреттер ұсынылады: Ю. Гагарин, «Зымыран», иттер «Белка мен Стрелка»,. Планеталар.<br>**Қортынды**<br>Балалар, сендерге біздің ғарыш әлеміне саяхатымыз ұнады ма?<br>Бүгін қызықты білгендеріңіз туралы аналар мен | **апатай!» (Е.Өміров, Ө. Тұрманжанов)** әнін орындап береді. Әннің мәтінін, сипатын түсіне әңгімелеуді ұсынады.<br>-Ғарыш деген не?<br>-Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?<br>-Ғарыш айлағы қай жерде орналасқан?толық мәлімет беру.<br>Тұңғыш ғарышкер Ю.Гагарин, Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев суреттерін көрсетеді, мәлімет береді. Ғарыш айлағы Байқонырда орналасқан, алып зымырандар ғарышқа осы жерден ұшырылатынын түсіндіреді.<br>Көкте ұшамын,<br>Ұшқыш болар баламын.<br>Соңына ерем<br>Мұсабаев ағаның.<br>Даңқы көкке самғаған<br>Тоқтар аға, Гагарин<br>Салған жолды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арайлым,<br>Саған жиі қараймын,<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер<br>боламын<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Кіріспе бөлім.**<br>**Амандасу**<br>Арақашықтықты, бірдей қарқынды сақтап бір қатарменжүру.<br>«Біз қадамды басамыз»<br>Біз қадамды басамыз,<br>Шапалақты соғамыз,<br>Басымызды да біз иіп.<br>Қолды жоғары созамыз,<br>Төмен қолдытүсіріп,<br>Бір-бірімізді жетектеп,<br>Шеңбер құрып жүреміз,<br>**Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:**<br>**1.Ойын:«Орыныңды тап!»** | ғарышкер туралы түсінік беру.<br>-Ғарыш дегеніміз не?<br>-Ғарышкер дегеніміз кім?<br>-Қандай әуе көліктерін білесіңдер?<br>- Мына суретте ең алғаш ғарышқа ұшқан адам Юрий Гагарин.<br>-Ғарышқа қазақтардан кімдер бірінші болып ұшты?<br>-Олар не себептен ғарышқа ұшады?<br>(Аспан кеңістігін зерттейді)<br>-Ғарыш айлағы қай қалада орналасқан?<br>-Оны қалай атаймыз?<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал балалар тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оңға қарай бұрылып,<br>Солға қарай бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бой сергітіп алайық<br>**Ой дамыту.**<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**Дид ойын: «Ғарыш** | «жуынып» жатқандай қимыл жасаймыз, б.қ., 5 рет қайталаймыз.<br>**4.«Дән тауып алайық».** Б.қ.: отырамыз, саусақтармен еденді тықылдатады,<br>б.қ. 4 рет қайталаймыз..<br>**5.«Ұшуды үйренеміз».**<br>Б.қ.: бұрынғыдай.<br>Қолды құлаштай созып бір орында секіру.<br>6.«Біз өсеміз».<br>Б.қ.: аяқ бірге қосулы, қолдар төменде.<br>**Қолды жоғары созып, керілеміз – тыныс аламыз,**<br>б.қ. – тынысшығарамыз.<br>Негізгі қимылдың түрлері:<br>1.Бағандар арасынан «жылан» жасап жүреді.<br>«Қараңдар, қаншама ағаштар айналада.<br>Орманда адасып қалмай, бір-біріміздең қалмай ұшамыз». | әкелеріңізге айтуды ұмытпаңыз.<br>**Тақпақ**<br>Мен Ғарышкер<br>боламын<br>Ғарышкер менде<br>боламын,<br>Боламын десем<br>боламын.<br>Көктің жүзін<br>барлаймын<br>Үлкен ғалым<br>боламын.<br>Балаларды<br>мадақтау.<br><br>**Ұ.О «Қыз қуу»**<br>**Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептелікке баулу.**<br>**Керек құралдар: қамшы, аттың макеті.**<br>**Шарты: Ойынға қыз бен жігіт қатысады.**<br>**Екеуі де атпен шауып келеді.**<br>**Жігіт атпен қыздың артынан қуады** | жалғаған.<br>-Батыр ағаларыңдай сендер де ғарышкер болғыларың келе ме?<br>**Ән үйрету:**<br>**«Ғарышкер боламыз»**<br>**(**С.Мұхамеджанов, Ш.Мұхамеджанов)<br>әннің мәтінің түсіндіріп, әуеннін үйретеді.<br>**Әуенді қимылды ойын: «Роботтар кемесінде»** Үнтаспада робыттар қимылына сай әуен ойналы, балалар робыт қимылдарң көрсетеді.<br>Әуен тоқтағанда, өз «кемелеріне» отырып үлгерулері тиіс.<br><br>**Ұ.О «Түйілген орамал»**<br>**Мақсаты: Балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттырып, тіл ұстарту мақсатында ойлау, түсіну, есте сақтау, жаттап алу қабілеттерін жетілдіру.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Тоқтап тұрып және тапсырманы орындай отырып жүгіру – тепе-теңдікті сақтай отырып сәкіге шығады.*<br>***1.Ойын:«Соқтығысп а!»***<br>***Кедергілердің арасынан «жыланша» жорғалау*** *(бір қатарда бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта орналасқан 4 кедергі бар****)*** *– еңбектеу кезінде кедергілерге соқтығыспау керек.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бақалар».***<br>*Бақалардың секіру ерекшелігіне назар аударады.*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Арқан тарту»***<br>***Мақсаты: Балаларды топтасып жұмыс істеп, бір-біріне көмектесуге үйретеді.*** | ***әлемі»***<br>***1-топ***<br>***«Жұлдызды аспан әлемін құрастыру»***<br>*Ойын шарты: балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу.*<br>*Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б.*<br>***2-топ***<br>***Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру.***<br>*Әртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу.*<br>***Қортынды***<br>*Аспан, аспан, арайлым,*<br>*Саған жиі қараймын,*<br>*Сені көзбен шоламын,*<br>*Мен ғарышкер боламын.*<br><br>***Ұ.О «Ақсерек-көксерек»***<br>***Мақсаты: Балалар*** | *2.Бөренеден (сәкіден) секіру.*<br>*«Алдымызда ағаш құлап жатыр, оны секіріп өтейік».*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ана-торғай мен балалар»***<br>*Бірлесіп бірге ұшамыз,*<br>*Бір-бірімізден қалмаймыз.*<br>*Бір сапқа тұрып бәріміз Алыс жаққа барамыз.*<br>*Онда дәмді дәндер бар,*<br>*Сендерге арнап сақталды.*<br>***Ұ.О «Ақсерек-көксерек»***<br>***Мақсаты: Балалар ептілікке, бірлікке, тобы үшін намыстанып, жеңіске талпынуға үйренеді.***<br>***Барысы: Балалар екі топқа бөлініп, араларын жиырма қадамдай ашып, тізіліп, қол ұстасып тұрады*** | | ***(Бағдарлама) «Аспан әлемі»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***ептілікке, бірлікке, тобы үшін намыстанып, жеңіске талпынуға үйренеді. Барысы: Балалар екі топқа бөлініп, араларын жиырма қадамдай ашып, тізіліп, қол ұстасып тұрады*** | | | |
| *Серуенге дайындық* | *Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.*<br>*Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* |
| *Серуен* | ***Картотека № 4***<br>*Аспанды бақылау* | ***Картотека №11***<br>***Ағаштарға бақылау жасау*** | ***Картотека №14***<br>*Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.* | ***Картотека №15***<br>*Бақбақтың өсуін бақылау* | ***Картотека №16***<br>*Бұталарды бақылау.* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Көктемгі серуен картотекасынан*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | *«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.* | | | | |
| | ***Киімдерін шешу:*** | ***Киімдерін шешу:*** | ***Киімдерін шешу:*** | ***Киімдерін шешу:*** | ***Киімдерін шешу:*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Балаларды киімдерін бір-біріне кедергі жасамай шешуге дағдыландыру.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын мұқият жууды қадағалау.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Суды үнемдеп қолдануды түсіндіру.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Балаларды таза қолмен ас ішуді үйрету.* | *Балалар киімдерін ретімен шешіп, орындарына қояды.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабынмен жуу, сүлгісін қолдану.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде әдепті болу.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Тазалықтан кейін асханаға отыру.* | *Киімдерін тәртіппен шешіп, шкафқа қоюға үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жуу, сүлгісін таза ұстау.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Сумен ойнамай, тыныштық сақтау.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Қолдарын жуып болған соң асқа дайындалу.* | *Балаларды сырт киімдерін шешіп, бүктеп қоюға үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын жақсылап жууға, сабынды үнемдеуге үйрету.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде суды төкпеуге ескерту.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Ас ішу алдында тәртіппен отыру.* | *Киімдерін ұқыптап шешіп, жинауға дағдыландыру.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын екі рет сабындап жуу.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Сумен ойнамай, әдепті жуыну.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Ас алдында қолдарын тазалап, үстелге отыру.* |
| *Түскі ас* | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну* | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Табақтағы асты тауысып жеу керек. Артық алып қалдырмайық.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкенде жүгірмейміз, орнымызда тыныш отырамыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Дастарқан басында әркім өз орнында отырады. Басқаларға итермей, кедергі жасамаймыз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қолымызды созып, басқаның ыдысына қол салмаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Нанды жерге тастамаймыз, үгіндісін де жинаймыз. Нан – берекенің белгісі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Нанмен ойнамаймыз, үстелге лақтырмаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Суды да, асты да үнемдеген бала – ұқыпты бала. Ұқыптылық – жақсы әдет.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыстық асты асықпай жейміз, күйіп қалмау үшін абайлаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішіп болған соң «Рахмет!» айту – әдептіліктің белгісі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішіп отырған кезде орындықтан секірмейміз, абайлап тұрамыз.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Күндізгі ұйқы* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.* | *Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.* | *Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау* | *Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау* |
| *Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары* | ***№ 3*** *«Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз».*<br>*- «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз.*<br>*«Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,*<br>*- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.*<br>*- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.*<br>*- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.*<br>*- «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.* | ***№4.*** *Бір – көтер кәне қолыңды*<br>*Екі – төмен ұста қолыңды*<br>*Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды*<br>*Бес дегенде секір көрсет бойыңды.*<br>*Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.* | ***№5.*** *"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».*<br>*2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.*<br>*3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау* | ***№6.*** *арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.*<br>*- арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.*<br>*- арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау* | ***№7.*** *«Күннің оянуы»*<br>*- «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.*<br>*- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.*<br>*- Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады.*<br>*басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.*<br>*«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.* |
| | *Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.*<br>*«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.*<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Бесін ас* | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, қолымызды жуған кезде суды көп ағызбаймыз. Қажет болса ғана ашып, жуған соң жауып қоямыз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Еденге су төгілсе, тайып құлап қалуымыз мүмкін. Сондықтан абай боламыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас – еңбекпен келген ризық. Оны төкпей-шашпай жеуіміз керек.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкенде орнымыздан тұрмаймыз, ыдысты қолымыздан түсіріп алмау үшін дұрыс ұстаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Тамақ ішкенде орындықта түзу, әдемі отырайық. Арқамызды тік ұстасақ, ыдыс та төгілмейді.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қисайып отырсақ, ыстық тамақ төгіліп кетуі мүмкін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде қасықты оң қолымызға ұстаймыз. Сонда тамақты төкпей, әдемі жейміз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қасықты бұлғап ойнамаймыз, ол қасымыздағы балаға тиіп кетуі мүмкін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде қатты сөйлемейміз. Әдепті бала дастарқан басында тыныш отырады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ауызымызда ас болғанда сөйлесек, қақалып қалуымыз мүмкін.* |
| *Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)* | ***Дид ойын: «Көп және біреу»***<br>*Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынас-тарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.*<br>***Тәжірибе: «Кішкентай ғалымдар»***<br>*Үлкендеутабақшаға су құйып, оғандоптарды салу арқылыдоптардың* | ***. «Өрт қауіпсіздігі» «ЖАҚСЫ – ЖАМАН» Мақсаты: оттың пайдалы және зиянды қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Логикалық ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.*** | ***Дәстүрден тыс сурет салу***<br>***Тосын сәт. «Торғайға көмек»***<br>*Торғай ұшып келеді. Балалардан көмек сұрайды. Досым жоқ. Маған дос торғайлар керек дейді. Көмектесеміз бе?*<br>***Торғайға көмек***<br>*Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру. Трафаретпен жұмыс жасауды түсіндіру.* | ***Шығармашылық орталық***<br>***Дид ойын: «Ағаштан жасалған заттарды ата»***<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>***1-топ:****Жатын бөледегі кроватты мүсіндеу.*<br>***2-Топ:*** *Үш аюдың ыдысын жапсыру.*<br>***3-Топ:*** *Ағаштарды бастыру әдісі арқылы салу.*<br>***4-топ:*** *Қиынды суреттерден ағаштан жасалған заттарды құрастыру* | ***. «Ненің баласы?» Мақсаты:***<br>*Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту.*<br>***Шығармашылық.***<br>***Дид ойын: «Төлдерге қора жасаймыз»***<br>*Шарты: Ермексаздан созу тәсілі арқылы қора жасау* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жеңілекенінбалалар ғакөрсетіп, түсіндіру.* ***Сұрақ-жауап:****Балалар доп жеңілме ауырма, жәнесуғабатама, батпай ма? Осыны біліп көру үшін қазір біз сендермен тәжірибе жасаймыз: допты суға салайық. Қане, қараңдаршыдопсуға батама, жоқ па? Батпайдыекен. Қалайойлайсыңдар неге, батпайды? Балаларқараңдаршыдоп су бетіндежеңілмеәлдеауырма? Балалар: Жеңіл* ***Қортынды:****Доп су бетіндежеңілболады. Ішінеауатолтырылған.Сондықтанолұрсаңсекіреді,тепсеңқашады* | | *Балалардың өз бетінше жұмысы. Бақылау.* ***«Жол қауіпсіздігі» «Көлікпен саяхаттау» Мақсаты: балалармен жол белгілері және көшедегі жүріс-тұрыс ережелері туралы білімдерін бекіту*** | *Еркін ойын Жанама бақылау.* ***Денешынықтыру Кіріспе бөлім. Амандасу.*** *«Балалар, біз бүгін мынандай ойын ойнаймыз: сендер кішкентай торғайлар боласыңдар, ал мен сендердің аналарың боламын (нұсқаушы торғайдың бейнесі бар бетперде-шапканы киеді). Шеңбер бойымен тұру. «Ана-торғай» қимылды көрсетіп, өзі сырттай бақылайды. Анасы қарап тұрғанда балалары шеңбер бойымен жүруді орындайды. «Анасы ұйықтап кеткенде, балалар қанаттарын жайып, жан-жаққа ұшып кетті». Торғайлар зал ішінде ұшып жүр. «Ана-торғай» оянды, Чик-чирик, чик-чирик.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *Бұл не шу? Бұл нешу? Шеңберге жылдам тұрыңдар, Ұшуға ниетқылыңдар. Нұсқаушы тағы да ұйықтап қалғандай болады. Сосын қайта оянады.*<br>*Бір ғана сәтке көз ілікті, Тентек боп торғайлар кетті. Бірақ енді қатаң қараймын, Тәртіпке сендерді саламын. Ал енді, балапандар, Жаттығуды бастаңдар!*<br>***Негізгі бөлім.***<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>***І.«Қанатымызды тазалаймыз».***<br>*Б.қ.: серіппе жасаймыз, басымызды оңға иеміз, б.қ., сосын солға 4 рет қайталаймыз.*<br>***2.«Қанатымызды жаямыз».***<br>*Б.қ.: аяқтарымыз иықтың қашықтығына сәйкес келуі керек, қолдар төменде. Оң* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *қолды жоғары көтереміз, жоғары қараймыз, б.қ., сол қолмен солай жасаймыз, 4 рет қайталаймыз.* ***3.«Жуынамыз».*** *Б.қ.: аяқтарымыз иықтың қашықтығына сәйкес келуі керек, қол белде, алға қарай иілеміз – «жуынып» жатқандай қимыл жасаймыз, б.қ., 5 рет қайталаймыз.* ***4.«Дән тауып алайық».*** *Б.қ.: отырамыз, саусақтармен еденді тықылдатады, б.қ. 4 рет қайталаймыз..* ***5.«Ұшуды үйренеміз».*** *Б.қ.: бұрынғыдай. Қолды құлаштай созып бір орында секіру. 6.«Біз өсеміз». Б.қ.: аяқ бірге қосулы, қолдар төменде.* ***Қолды жоғары созып, керілеміз – тыныс аламыз,*** *б.қ. – тынысшығарамыз.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *Негізгі қимылдың түрлері:*<br>*1.Бағандар арасынан «жылан» жасап жүреді.*<br>*«Қараңдар, қаншама ағаштар айналада. Орманда адасып қалмай, бір-бірімізден қалмай ұшамыз».*<br>*2.Бөренеден (сәкіден) секіру.*<br>*«Алдымызда ағаш құлап жатыр, оны секіріп өтейік».*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ана-торғай мен балалар»***<br>*Бірлесіп бірге ұшамыз,*<br>*Бір-бірімізден қалмаймыз.*<br>*Бір сапқа тұрып бәріміз*<br>*Алыс жаққа барамыз.*<br>*Онда дәмді дәндер бар,*<br>*Сендерге арнап сақталды.* | |
| *Балалармен жеке жұмыс* | ***«Тыныштық сәті»***<br>***Мақсаты:*** *Балаға релаксация, тыныштық сыйлау.*<br>***Жүргізу түрі:*** | ***«Сиқырлы қорап»***<br>***Мақсаты:*** *Баланың қиялын дамыту.*<br>***Жүргізу түрі:*** *Қорапқа ойыншық салынып, «Бұл не болуы* | ***«Жақсы қылық – жаман қылық»***<br>***Мақсаты:*** *Мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.*<br>***Жүргізу түрі:*** | ***«Көңілді әуен»***<br>***Мақсаты:*** *Музыка арқылы көңіл-күйді сезіну.*<br>***Жүргізу түрі:*** *Көңілді әуен қойылады, бала би* | ***«Менің көңіл-күйім қандай?»***<br>***Мақсаты:*** *Бала өз сезімін сурет арқылы білдіру.*<br>***Жүргізу түрі:*** *Қағазға* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Балалар көзін жұмып, әуен тыңдайды. Тәрбиеші табиғатты сипаттап айтады.* | *мүмкін?» деп жасырады. Бала болжау жасайды.* | *Суреттерді салыстырып, «Жақсы іс – ойыншық сыйлау, жаман іс – жылап тұрған досқа көмектеспеу».* | *қимылын жасайды. Баяу әуенде тынышталады.* | *смайлик салу (күліп тұрған, жылап тұрған). Баланың қайсысын таңдағанын сұрау.* |
| *Серуенге дайындық* | *«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.<br>Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.* | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* |
| *Серуен* | ***Картотека № 4***<br>*Аспанды бақылау* | ***Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау*** | ***Картотека №14***<br>*Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.* | ***Картотека №15***<br>*Бақбақтың өсуін бақылау* | ***Картотека №16***<br>*Бұталарды бақылау.* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | | |
| | *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз* | *Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне* | *Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі* | *Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру.* | *Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.* | *сұртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу* | *асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту* | *жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.* | *Түскі асқа дайындық.* |
| *Кешкі ас* | ***Үнемді тұтыну- «Суды,тамақты, энергияны үнемді тұтыну**Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау* | | | | |
| *Балалардың дербес әрекеттері* | *Құрылыс және құрастыру ойындары «Суретті лота, суретті дамино ойындары»* | *Үстел үсті ойындары; дамытуға бағытталған ойындар, конструкторлар ойнау* | *Ән, тақпақтар қайталау. Мобильді кітапханадағы Қазақ халқының ертегілерін тыідау* | *«Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз – «қолдыжуамыз».«Қайырлы күн, көздерім!»Қабақты сипаймыз.«Оянамыз, құлақтар!»* | *Үстел үсті ойындары; дамытуға бағытталған ойындар, конструкторлар ойнау* |
| *Балалардың үйге қайтуы* | *Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.* | | | | |
| | *Бүгін балалар құрастыру ойындарымен ойнады. Пішіндерді сәйкестендіріп, зейінін шоғырландырды. Үйде кубиктерден* | *Бүгін балалар табиғат туралы әңгіме тыңдап, суреттерді қарады. Қоршаған ортаға қызығушылық білдірді. Үйде серуенде өсімдіктерді,* | *Бүгін балалар ермексаздан әртүрлі пішіндер жасады. Ұсақ моторикасын дамытып, қиялын іске қосты. Үйде ермексазбен немесе қамырмен ойнауға жағдай* | *Бүгін балалар жұмбақтар тыңдап, жауап беруге тырысты. Ойлау қабілетін дамытуға талпынды. Үйде жеңіл жұмбақтар қойып, балаңыздың жауабын* | *Бүгін балалар қуыршақ театрын ойнады. Әртүрлі рөлге еніп, қиялдарын дамытты. Үйде қарапайым қуыршақтармен шағын сахна құру қызықты болады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *немесе конструктордан қарапайым заттар құрастыру пайдалы.* | *құстарды көрсетіп, атауларын қайталаңыз.* | *жасаңыз.* | *күтіңіз.* | |

*Тексерілді:* [signature]

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Орта топ
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Қандай кезеңге жасалды :** 13.04 – 17.04.2026ж
**Апта дәйексөзі: «Еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Күй күмбірі – өнер мен қолөнерді қадірлеуге үйрету. | Күй күмбірі –баланы салт-дәстүрге жақындату, рухани қазынаны сезіндіру. | Күй күмбірі – намыс пен жігерге тәрбиелеу. | Күй күмбірі –аланы ұлттық өнер арқылы тәрбиелеу, мәдениетке баулу. | Күй күмбірі – қазақы болмысты сақтауға үйрету. |
| | Балаларды «Жылы сөз айтайық» ойынымен қарсы алу (әр балаға «сен әдемісің», «сен мейірімдісің» т.б.). Баланың көңіл-күйін жүрекшелер арқылы таңдауға мүмкіндік беру. Баланы үстел үсті ойыншықтарына бағыттау. | Баланы есік алдында шағын «Сәлемдесу биімен» қарсы алу. Баланың көңіл-күйін тексеру, жылы сөз айту. Баланы шағын топпен ойынға қосу. | Балаларды «Күн сәулесі» ойынымен қарсы алу (әр балаға қағаз күн сәулесін беру). Баланың көңіл-күйін анықтап, смайликтер тақтасынан таңдауды сұрау. Бала өзін еркін сезіну үшін жұмсақ ойыншықтар бұрышына жіберу. | Баланы «Қуанышты қадамдар» ойынымен қарсы алу (бірге секіріп кіру). Баланың көңіл-күйін әңгімелесу арқылы анықтау. Топтағы балалармен ортақ ойынды ұйымдастыру. | Баланы қол шапалақтау арқылы қарсы алу («Сәлем, сәлем, досым!»). Баланың көңіл-күйін сурет арқылы бейнелеуді сұрау. Баланы музыка бұрышына бағыттау (шағын аспаптарды ойнау). |
| Ата-аналармен | Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру. | | | | |
| | **Әңгіме:** | **Әңгіме:** Қимыл- | **Әңгіме:** Жаттығулар | **Әңгіме:** Қозғалыс | **Әңгіме:** Спорт пен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру* | *Жаттығулар – баланың денесін шынықтырып, қимыл-қозғалысын жетілдіреді.* ***Кеңес:*** *Балаңызға таңертең жеңіл жаттығуларды күнделікті жасауға үйретіңіз.* | *қозғалыс ойындары баланың ептілігін, шапшаңдығын дамытады.* ***Кеңес:*** *«Секіртпе секіру», «Доп ойнау» сияқты қарапайым ойындарды балаңызға үйретіңіз.* | *– баланы төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелейді.* ***Кеңес:*** *Балаңызға күн сайын 5–10 минут жаттығу жасауға үйретіңіз.* | *белсенділігі – бойдың дұрыс өсуіне және дене сымбатына әсер етеді.* ***Кеңес:*** *Балаңызға ашық ауада қимылды ойындар ойнауды үйретіңіз.* | *қимыл-қозғалыс – баланың көңіл-күйін көтеріп, сергек болуына көмектеседі.* ***Кеңес:*** *Балаңызға отбасымен бірге спорттық ойындарға қатысуды үйретіңіз.* |
| *Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникатив тік, шығарма шылық, эксперимент ал дық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес және басқалары)* | ***Картотека № 1 Дид ойын: «Көкөніс пен жемісті ажырат» Мақсаты:*** *табиғат құбылыстарымен байланыстыра отырып, жемістердің өсуін, пісіп жетілуімен танысады.* | ***Картотека № 5 Дид ойын: «Телефон» Мақсаты:*** *естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе отырып, диалогты сөйлеуді үйренеді.* | ***Картотека №9 Дид ойын: «Бақша да ма,бау да ма?» Ойынның мақсаты:*** *Жемістер мен көкөністер айырмашылықтарын түсініп, айта алады.* | ***Картотека №10 Дид ойын: Танып ал да, атын ата Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.* | ***Картотека №11 Дид ойын: «Затты сипаттау»*** *Мақсаты:Заттарды к өріп сипаттау арқылы балаларқоршаған орта жайлы түсіне біледі.* |
| *Ертеңгілік жаттығу* | *Сәуір айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Сәуір айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Сәуір айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Сәуір айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Сәуір айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | | |
| *Таңғы ас* | *Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту* | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Тәртіпті бала ас ішіп отырғанда шуламайды, бәріне үлгі болады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыдысты үстелге қатты қоймаймыз, сындырып алмау үшін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Жеміс-жидек пен көкөністе дәрумендер бар. Олар бізді ауырмай, сау жүруге көмектеседі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Жемісті асықпай, майдалап шайнаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде өзімізге жететіндей ғана алайық. Артық алып, қалдырып қою – ысырап.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкенде асықпай шайнаймыз, асығып жеген дұрыс емес.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ыдысты дұрыс ұстасақ, тамақ төгілмейді. Ыдысқа асымызды абайлап саламыз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыдысты ойыншық қылмаймыз, қолымыздан түсіріп алмау үшін дұрыс ұстаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкен бала күшті, сергек болады. Ас – денсаулықтың қайнары.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыстық асқа үрлеп ішеміз, күйіп қалмау үшін.* |
| *Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)* | ***«Ұшқыр ой алаңы» жобасы***<br>***Ойын: «Жалғастырып айт»***<br>*Тәрбиеші бастайды: «Күн жылы болса...»*<br>*Балалар: «Ойнаймыз», «Жүгіреміз».*<br>*Мағынасы: қиялды дамыту.* | ***«Балалар кітапханасы» жобасы***<br>***Ойын: «Суреттегі ертегі»***<br>*Тәрбиеші ертегіден сурет көрсетеді. Балалар: «Бұл – Қызыл телпек», «Бұл – Бауырсақ» деп атайды.*<br>*Мағынасы: кейіпкерді тану, сөздік қорды дамыту.* | ***«Қамқор» жобасы***<br>***Ойын: «Жылы сөз айтайық»***<br>*Балалар шеңберге тұрып: «Сен әдемісің», «Сен мейірімдісің» деп бір-біріне айтады.*<br>*Мағынасы: әдемі сөйлеу, мейірімділік.* | ***«Шабыт» жобасы***<br>***Ойын: «Кім қандай дыбыс шығарады?»***<br>*Тәрбиеші: «Құстар қалай сайрайды?», «Жаңбыр қалай жауады?»*<br>*Балалар еліктейді.*<br>*Мағынасы: қиялды, шығармашылықты дамыту.* | ***«Еңбегі адал жас өрен» жобасы***<br>***Ойын: «Қуыршаққа көмектесейік»***<br>*Тәрбиеші: «Қуыршақ киімін жоғалтып алыпты. Кім көмек береді?»*<br>*Балалар қуыршаққа киім кигізуге көмектеседі.*<br>*Мағынасы: қамқорлық пен еңбекқорлық.* |
| *Кестеге сәйкес ҰІӘ* | *Экологиялық мәдениетті қалыптастыру – нан қасиеттерін түсіндіру мақсатында ,кіріктірілген ұіә* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***Өлең оқу***<br>*Нан қиқымын шашпаңдар,*<br>*Жерде жатса баспаңдар.*<br>*Теріп алып қастерлеп,*<br>*Торғайларға тастаңдар.*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Өлең жолдары не туралы айтылған?*<br>***Ой дамыту.***<br>*АҚТ технологиясымен жұмыс.*<br>*- Балалар, неге нанды ас атасы деп айтамыз?*<br>*- Ал енді осы қасиетті нан дастарханымызға қалай келеді* ***(слайд)***<br>*Көктемде бұл тракторлармен жерді жыртып, оны тырмалап, жерге мынандай бидай дәнін себеді.*<br>*(балаларға бидайды* | ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақтар***<br>*Беттескен қос табақ*<br>*Ортасында бас табақ*<br>*Көз бен шоққа ораса*<br>*Дәм піседі тамаша*<br>*Ұзын мұртты сарылар*<br>*Қойынында наны бар*<br>***Бидай.***<br><br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар сендер еретгі тыңдағанды жақсы көресіңдер. Біз еретегілер бұрышына нан туралы ертегі тамашалайық.*<br>***Нан қайдан келеді?***<br>***Акт технологиясы.***<br>*Бір күні Тышқан нан дүкеніне кірді. Сөреге жаңа піскен сап - сары бөлкелер үйіліп тұр екен. Піскен нан* | ***.Қызығушылықты ояту***<br>***Өлең жолдарын оқу***<br>*Қырға шықсаң өрлеп,*<br>*Мұның аты-Еңбек*<br>*Кесте тіксең зерлеп*<br>*Мұның аты-Еңбек*<br>*Сабағыңа жөндеп,*<br>*Әзірленсең –Еңбек*<br>*Гүл отырғызсаң терлеп,*<br>*Мұның аты-Еңбек*<br>*Қиындықтың бәрін,*<br>*Еңбек қана жеңбек*<br>*Өлең не туралы айтылған?*<br>*Балалрдың жауабы.*<br>***Ой дамыту***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Суретте не көріп тұрсыңдар?*<br><br>*Қандай жұмыс жүргізіп жатыр?*<br>*- Үйдің ауласына не отырғызып жатыр?*<br>*-Көктем мезгілінде адамдар айналаны* | ***Миға шабул.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Ұзын мұртты срылар,*<br>*Қойынында дәні бар.*<br>*Ол не?*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Бидаймен таныстыру.*<br><br>***Ой қозғау.***<br>***Қосжан Мүсіреповтың «Алтын астық» өлеңін оқып беру.***<br>*Көктемде егін егетін,*<br>*Күзде жиып теретін,*<br>*Біздің дала – бай дала,*<br>*Алтын астық айнала.*<br>*Ел егінді жинайды,*<br>*Қырманға дән сыймайды.*<br>*Біздің дала – бай* | ***Ой дамыту.***<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс***<br>*Қандай ертегілер білеміз?*<br>*Экраннан ертегілер кейіпкерлерін көрсету.*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балалар, бүгін бізге қай ертегінің бас кейіпкері қонаққа келді екен, қараңдаршы!*<br>*(үстелдің үстінде бауырсақты домалату)*<br>*Бұл ертегіні бәріміз де білеміз, есімізге түсіріп көрейікші.*<br>***Ертегіні қуыршақ театры арқылы көрсету және дауыс ырғағын келтіріп айтып беру***<br>*Ертегі желісінен сұрақ-жауап.*<br>*бауырсақтың пішіні қандай?*<br>*Бауырсақтың түсі қандай?*<br>*Жан-жаққа қараңдаршы, топта домалақ пішінді қандай заттар бар?* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсету)<br><br>- Келесі суретте егін алқабы.<br><br>- Келесі суретте егінді орып жүрген комбайн. Ол бидайды тазартып көлікке салып береді.<br><br><br>- Келесі суретте диірменде бидайдан ұн тартып шығарады. (ұнды | иісіне қызыққан Тышқан тұмсығын жыбыр - жыбыр тартты. Төмендегі бір бөлкені кеміре бастады.<br><br>Осы кезде күзетші келіп қалады. Тышқан зың беріп, тысқа атып шықты. Бірақ алысқа ұзамады. «Апырай, қайдан келді екен осыншама нан. Біліп алып шыққан жеріне кірсем, ә!» - деп қызығып кетті. Тесіктен сақтана сығалады.<br><br>- Нан, нан, сен қайдан келдің? - деді сыбырлап.<br>- Сатушыдан сұра, - деді нан. Тышқан сатушыға келді. | бәрін тазартады.<br>- Ағаштар, гүлдер отырғызады.<br>**Бұны бір сөзбен көктемгі еңбек дейміз.**<br>Ағаштар мен гүлдер әдемі болып өсу үшін қандай қамқорлық көрсете аламыз?<br><br>- Иә, балалар, ағаштардың, гүлдердің түбін қопсытып, суғарып, арам шөптерін жұлып отырамыз.<br><br>Айналамызды таза ұстауға-біздің басты міндетіміз, себебі айнала таза болса, біз демалатын ауа да таза болады.<br>Ағаштар көп болса, | дала,<br>Алтын астық айнала.<br>**Сұрақ – жауап**<br>Осы оқыған өлең шумақтарында не жайлы айтылған?<br>Сендерге өлең ұнады ма?<br>**Ой қозғау.**<br>**«Алтын дән» дегенді қалай түсінесіңдер?**<br>Астықшылар егін жинау науқаны қызып тұрған кезде таңертеңнен кешке дейін жұмыс істейді. Уақытты өткізіп жіберсең, астық ыдырайды, өнім жоғалады. Комбайндардан жүк машиналарына астық құйылып, оны элеваторларға астық тасиды. Онда оны көптеген жылдар бойы сақтауға болады. Еліміздің жәшіктері алтын нанға толы. | Табиғат бұрышындағы күнді көрсету.<br>Бауырсаққа тағы не ұқсайды?<br>Доп, Алма т.б<br>**Сергіту сәті.**<br>Алма, алма, көп алма,<br>Қызыл, сары, көк алма.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Себеттерге салайық.<br>Дид ойын: «Жаңа піскен бауырсақ»<br>Шарты: Бауырсақты бояу.<br><br>**Ой қозғау.**<br>Нан туралы тыйым сөздер үйрету.<br>Дәнді шашпа, нанды баспа.<br>Нан— тамақтың атасы<br>Мағынасын түсіндіру.<br>**Қортынды**<br>**Сұрақ-жауап**<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *көрсету)*<br>*- Иә, тартылған ұнды наубайханаға апарып, сол наубайханада нанның әр түрін пісіреді.*<br><br>*Ал, мына суретте нан дүкен сөрелерінде өз сатып алушыларын күтуде.*<br><br>*- Сонда нан дастарханға оңай жолмен келеді ма екен?*<br>*Көптеген еңбекпен келеді екен.*<br>***Сөздік жұмыс:***<br>*комбайыншы, тракторшы, наубайхана,* | *- Сатушы, сатушы, нан қайдан келеді?*<br><br>*- Наубайшыдан сұра, - деді сатушы.*<br>*Тышқан тымпыңдап наубайханаға келді. Мұнда көп адам нан пісіріп жатыр екен.*<br>*- Нан қайдан келеді? - деді бір наубайшыға келіп.*<br><br>*- Диірменшіден сұра, - деді наубайшы.*<br>*Тышқан диірменшіге келді. Диірмен тасы тынымсыз шыр көбелек айналады. Екі адам ұн тартып түр. Ұн төгіліп аққан бұлақша құйылып жатыр. Көзді ашып - жұмғанша қап - қап* | *ауа таза болады.*<br>***-Тағы қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?***<br>*Далада жер жыртып егін егуге дайындайды*<br><br><br>*Біздің ата – аналарымыз бақшада қандай жұмыстар жүргізеді?*<br>*Олардың бізге қандай пайдасы бар?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық.*<br>*Ой қозғау.*<br>*- Ауладағы шашылып жатқан қоқыстарды қайда саламыз? - Балалар, қоқыстарды,* | ***Сергіту сәті:***<br>*Нан қоқымын шашпаңдар,*<br>*Жерде жатса – баспаңдар.*<br>*Теріп алып қастерлеп,*<br>*Торғайларға тастаңдар.*<br>***Дид ойын: «Кім не істейді?»***<br>***Шарты:*** *Суреттегі мамандық иесінің не істейтінін жанына жұмыс түрін қойып айтып шығу.*<br>*Диқаншы-егін егеді, баптайды*<br>*Тракторшы- жер жыртады*<br>*Диірменші-ұн тартады*<br>*Наубайшы -нан пісіреді*<br>***Дид ойын: «Тәтті тоқаштар»***<br> | ***Музыка***<br>***Тақырыбы: Гүл көбелек***<br>*Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады.*<br>*Балаларға гүлдер алып, би билеуді ұсынады.*<br>*«Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) (қайталау).*<br>*Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл,еркін қимылдауларын қадағалайды.*<br>*Педагог сымға қондырылған көбелекті «ұшырып» әкеледі.*<br>*Үнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды.*<br>*Көктем қандай көрікті,*<br>*Балақайлар көріпті.*<br>*Дала гүлге толыпты,*<br>*Көбелек гүлге қоныпты!– деп, көбелекті гүлдерге қондырады.*<br>*Балалар, біздің бақшамызға әдемі* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | элеватор.<br>**Ой қозғау**<br>**Нанға байланысты мақал – мәтелдер үйрету, түсіндіру.**<br>1. Нан бар жерде ән бар<br>2. Дәнді шашпа, нанды баспа.<br>3. Ас атасы – нан<br>**Сергіту сәті:**<br>Көктемде жерді жыртамыз,<br>Тегістейміз тырмалап.<br>Дәндерді оған егеміз,<br>Жайқалып, көктеп шықсын деп.<br>Күз болғанда орады<br>Нанға біздер тойсын деп<br>**Қортынды.**<br>- Бүгінгі оқу қызметімізде не туралы айттық?<br>- Нан біздің дастарханымызға оңай келеді ма екен?<br>- Иә, ол үшін көптеген адамдар еңбек етеді екен.<br>Балалрды мадақтау! | ұн пайда болады.<br>Тышқан иненің көзіндей танауын тыржиып, таңдана қарап тұрды да:<br>- Диірменші, диірменші, нан қайдан келеді - деп сұрады.<br>- Комбайншыдан сұра, - деді қырманшы қарт.<br><br>Тышқан далада егін орып жүрген комбайншыға келді.<br><br>- Комбайншы, комбайншы, нан қайдан келеді? - деп сұрады.<br>- Көктемде тракторшы жер жыртады, тұқым | арнайы қоқыс жәшігіне саламыз.<br>**Дид ойын: «Қоқыстарды жинаймыз»**<br>**Мақсаты:** Жерде жатқан қоқыстарды қайда тастау керектігін түсіндіру<br>**Шарты:**.Қоқыс салатын жәшікке қоқыстарды жапсыру.<br>**Қортынды**<br>**Сұрақ-жауап**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**Денешынықтыру**<br>Кіріспе бөлім.<br>Амандасу.<br>Ойын гимнастикасы<br>Алақанды ашайық,<br>Шапалақты соғайық.<br>Шап-шап-шапалақ,<br>Шап-шап-шапалақ.<br>Кәне, маған қара,<br>Бәрін бірдей қайтала.<br>Бір-екі-үш, бір-екі-үш,<br>Бәрін бірдей қайтала (барлық қимылды).<br>Оң аяқ, сол аяқ, | **1- «Тоқаш» тобы.**<br>Тоқаш суретін қиып жапсыру<br>**2-«Бауырсақ» тобы**<br>Бауырсақты мүсіндеу<br>**3-«Бөлке нан» тобы**<br>Бөлке нанның суретін салу<br>**Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін түсіндіру.**<br>**Тиым сөздер:**<br>Нанды бір қолмен үзбе!<br>Нанды жерге тастама!<br>Нанды текке лақтырма!<br>**Қорытынды.**<br>**Біз не білдік?**<br>Нанның бидайдан өседі<br>Нанды қастерлеу керек<br>Нан-адамның тіршілік қорегі<br>Нан-дастарханға еңбекпен келеді<br>Қандай өлең шумағымен таныстық? | көбелек ұшып келді.<br>Қандай әдемі көбелек!<br>Қанаттары құлпырып, көз тартады.<br>Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Вальс» (үнтаспадан муз. жетекшісінің таңдауымен).<br>Балалар музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды.<br>Әуенді тыңдап,қызығушылықтары артады.<br>**Әнайту:**«Көктем»(К.Құатбаев,А.Асылбек)<br>Педагог әнінің 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда мәтініне сәйкес тәрбиешімен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды.<br>Әннің бірінші шумағының сөзін үйретіп, анық айтуға үйретеді.<br>Балалар,көбелектер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Денешынықтыру***<br>*Кіріспе бөлім.*<br>*Амандасу.*<br>*Ойын гимнастикасы Алақанды ашайық, Шапалақты соғайық. Шап-шап-шапалақ, Шап-шап-шапалақ.*<br>*Кәне, маған қара, Бәрін бірдей қайтала. Бір-екі-үш, бір-екі-үш, Бәрін бірдей қайтала (барлық қимылды).*<br>*Оң аяқ, сол аяқ, Қаз-қаз бастық біз аздап Топ-топ-топ, топ-топ-топ. Кәне қол, кәне аяқ? Ойнайықшы біз аздап*<br>*(Қол-аяқпен еркін қимылдар жасалады). Бір-екі-үш,бір-екі-үш, Ойнайықшы біз аздап.*<br>*Негізгі бөлім*<br>*Жалпы даму жаттығулары* | *себуші тұқым себеді. Егіншілер оны күтіп баптайды. Көп еңбек сіңіреді. Міне, қалың астық - сол көп еңбектің жемісі. Нан еңбек арқылы табылады, - деді комбайншы.*<br>*- Ой, мұның азап қой. Мен шалқайып жатып - ақ таба беремін, - деп қутың - қутың етті Тышқан.*<br>*- Әне, Мысық келе жатыр, - деді комбайншы. Сол - ақ екен Тышқан бір ескі інге зып берді*<br>***Балалар ертегі ұнады ма?***<br>***Ертегі желісінен сұрақ-жауап.***<br><br>***Қазақ тілі***<br>***Тақырыбы:*** *«Наубайхана»*<br>***Миға шабуыл:***<br>***Дид ойын: «Кім*** | *Қаз-қаз бастық біз аздап Топ-топ-топ, топ-топ-топ. Кәне қол, кәне аяқ? Ойнайықшы біз аздап (Қол-аяқпен еркін қимылдар жасалады). Бір-екі-үш,бір-екі-үш, Ойнайықшы біз аздап.*<br>*Негізгі бөлім*<br>*Жалпы даму жаттығулары Таяқшамен*<br>***Б.қ.: «Мысық оянды »***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /5 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Кілем қағу»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту.* | *Алтын астық деп не үшін айтамыз? Балаларды мадақтау*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Ханталапай»***<br>***Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интелектуалдық, тапқырлық, ептілік, дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылық қабілеттерін дамыту. Топта жұмыс істей білуін дағдыларын қалыптастыр*** | *қалай ұшады? Олардың қанаттары қалай созылады екен?*<br>*Аленді көбелектер сияқты бибилеп үйренейік.*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:****«Көбелек » (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік»жинағынан). Әуенге ілесе би қимылдарының мәнерлі, жеңіл орындалуын қадағалау.*<br>*«Гүлзардағы көбелектер» ойыны (музыкасы педагогтің таңдауымен).*<br>*Көбелек-ау, көбелек, Ұшасың сен көлбеңдеп. Қызыл, жасыл керемет Гүлгеқоншы,көбелек!– деп балаларды ойынға шақырады.*<br>*«Вальс»ойналып, ырғақпенжеңіл қозғалуларын бақылайды.*<br>*Әуен тоқтағанда көбелектер гүлдерге «қонады».* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
